

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
Стоматология факультеті (2025-2026 оқу жылы)
Оқу-әдістемелік Комитетінің № 4 мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

10.12.2025 жыл

ОӘК мәжілісіне қатысқандар: Факультет деканы, м.ғ.к. Татыкаева У.Б., оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Егизова А.М., ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Тасенова П.Б., СМЖ жауапты Файзиева С.А., ОӘК төрайымы Анарбаева Г.Н., «Фундаментальды медициналық ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі- Г.Қ.Айболова, «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының меңгерушісі- Э.Ж.Тулешова, «Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология» кафедрасының меңгерушісі- Қожамбекова Э.

Күн тәртібі:

1. ПОҚ-ның индикативті жоспарларының орындалу барысы. *(Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы, кафедра меңгерушілері).*
2. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау. *(Жауаптылар: декан, кафедра меңгерушілері).*
3. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы. *(Жауаптылар: декан, оқу-әдістемелік комитет төрағасы, кафедра меңгерушілері).*
4. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау. *(Жауаптылар: декан орынбасарлары, оқу-әдістемелік комитет төрағасы, кафедра меңгерушілері).*
5. Әр түрлі мәселелер.
- 5.1. «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының оқытушысы Файзиева С. А. «Тістердің гистологиялық құрылымы. Тұрақты тістер, тұрақты тістердің түбірлерінің дамуын жасанды интелектте заманауи оқыту әдісі» тақырыбындағы баяндамасын тыңдау және талқылау.

1. ПОҚ-ның индикативті жоспарларының орындалу барысы. *(Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы, кафедра меңгерушілері).*

Стоматология факультетінің деканы м.ғ.к. Татыкаева У.Б., 2025-2026 оқу жылы бойынша индикативті жоспарлардың орындалу барысы жайлы кафедра меңгерушілері тоқталып өтсін.

Әр кафедраның меңгерушілері біртіндеп ПОҚ-ның индикативті жоспарларының орындалуы туралы мәлімет беріп өтті.

ШЕШІМ 1: ПОҚ-ның индикативті жоспарларындағы орындалмаған тармақтары жылдың соңына дейін орындалсын.

2. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау. *(Жауаптылар: декан, кафедра меңгерушілері).*

Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, Егизова А.М.: Білім беру бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін факультеттің профессор-оқытушылар құрамы оқу үдерісінде оқытудың инновациялық әдістерін қолданып студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруды тәжірибеге айналдыру қажет. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруға жауапты ОПҚ тағайындау керектігін айтып өтті.

ШЕШІМ 2: Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру қолға алынсын.

3. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы. (Жауаптылар: декан, оқу-әдістемелік комитет төрағасы, кафедра меңгерушілері).

ОӘК төрайымы Г. Н. Анарбаева: Стоматология факультетіне қарасты кафедралардың 2025-2026 оқу жылындағы ашық сабақ жоспарының орындалу есебі төмендегідей: кафедралардың оқу-әдістемелік жоспары бойынша жүргізілген ашық сабақтар саны- 4. Ақылдасу сабақтарына кесте бойынша толығымен орындалды, бағалау кестесі бойынша бағаланып, талдау хаттамасы толтырылды және кафедраның оқытушы-профессорлары қатысып нәтижесі талданды. Ақылдасу сабағын өту барысында профессор-оқытушылар жаңа технологияны пайдалана отырып, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін, білімгерлердің білім деңгейін бақылау, өздігінен іздену, ойлау қабілеттерін арттыру жолдарын қолданды. Пәнаралық байланыс тиімді ұйымдастырылды. Сабақтар оффлайн формат түрінде өтілді. Кафедра бойынша 2025-2026 күзгі семестрінде жоспарланған ашық сабақтар толығымен орындалды.

2025-2026 оқу жылының I – семестрінде өтілген ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар туралы мәлімет

№	Оқытушының аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Жоспарланған уақыты/күні	Орташа балы
Фундаментальды медициналық ғылымдар					
1	Кушкарлова А.	Клиникаға кіріспе	Егу бөлмесінің жұмысын ұйымдастыру. Тері асты, бұлшық етке, көктамырға егулер жүргізу. Көктамырға тамшылатып енгізулерге дайындау және жүргізу.	Қазан 2025 ж. 09.10.2025 - 13:30	4,9
Терапиялық және ортопедиялық стоматология					
2	Сиздинов М.М.	Гнатология	Анатомия и физиология зубочелюстной системой и ВНЧС	Желтоқсан, 2025ж. 05.12.2025- 11.30	4,7
3	Набиев А.С.	Реставрациялық стоматология	Эндодонтиялық емдеуден кейін тістерді моделдеу	Қараша, 2025ж 24.11.2025- 11.30	4,7
Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология					
4	Убайдуллаев Ж.А.	Ортодонтия	Рентгенологические методы диагностики аномалий зубочелюстной системы у детей.	Қараша, 2025ж 21.11.2025- 15.30.	3,8

Кафедрада оқытушылардың педагогика мен психологияның жетістіктерін, өзіндік жұмысын, өзіндік білімінің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру, танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістермен тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабаққа қатысу кестесі жасалынып, кестеге сй орындалды. Өзара сабаққа қатысу нәтижесі талданып, журнал толтырылды. Факультетте өзара сабаққа қатысу ұйымдастырылды. Барлығы жоспарға сәйкес орындалды.

Өзара сабаққа қатысу мәліметі

№	Кафедра	Жалпы ОПҚ саны	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Барлығы
1	Фундаментальды медициналық ғылымдар	24	1	1	1	-	3
2	Терапиялық және ортопедиялық стоматология	14	2	2	2	1	7
3	Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология	12	1	2	1	-	4
	Жалпы саны	50	4	5	4	1	14

ШЕШІМ 3: Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

4. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы.

Оқу-әдістемелік комитет төрайымы Г.Н. Анарбаева: 2025-2026 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ, дайындаудың әдістемелік нұсқауларды ҚР МЖМБС-2006 медициналық және фармацевттік жоғары оқу орындарының және университеттердегі медицина факультеттерінің кафедраларында оқу-әдістемелік құжаттарды дайындау бойынша №6 нұсқау хат талаптарына сәйкес дайындалу керектігіне тоқталды.

ШЕШІМ 4: 2025-2026 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендері қамтамасыз етілісін.

5. Әртүрлі мәселелер.

5.1. «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының оқытушысы С.А.Файзиева «Тістердің гистологиялық құрылымы. Тұрақты тістер, тұрақты тістердің түбірлерінің дамуын жасанды интеллектте заманауи оқыту әдісі» тақырыбындағы баяндамасын тыңдау және талқылау.

«Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының меңгерушісі, х.ғ.к., Тулешова Э.Ж.: Бұл баяндамада тістердің гистологиялық құрылымы, тұрақты тістердің ерекшеліктері және олардың түбірлерінің даму кезеңдері жан-жақты ғылыми

тұрғыда қарастырылған. Автор материалды түсіндіруде жасанды интеллекттің (AI) мүмкіндіктерін тиімді қолдана отырып, тақырыпты заманауи білім беру талаптарына сай ұсынған. Баяндаманың құндылығы – күрделі анатомиялық-гистологиялық процестерді визуализациялау және динамикалық модельдеу арқылы түсіндіруі. AI негізіндегі интерактивті платформалар (3D моделдер, анимациялар, адаптивті тесттер) студенттердің кәсіби түсінігін тереңдетіп, оқу процесінің тиімділігін арттыратыны көрсетілген.

Сонымен қатар, тұрақты тістердің түбірлерінің даму сатыларын жасанды интеллект көмегімен кезең-кезеңімен қадамдап көрсету – білім алушылардың клиникалық ойлау қабілетін қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілген. Практикалық сабақтарда AI қолдану арқылы жеке траекториямен оқыту, қателерді талдау, нақты пациент жағдайларына ұқсас виртуалды симуляциялар жүргізу мүмкіндігі баяндамада сәтті дәлелденген. Баяндама мазмұны ғылыми негізге сүйенген, тілдік және құрылымдық жағынан сауатты, қазіргі стоматология біліміндегі цифрлық трансформация үрдісімен толық үйлеседі. Автор заманауи технологияны педагогикалық мақсатқа дұрыс бағыттап, теория мен практиканы байланыстыра алған.

Жалпы алғанда, аталған баяндама оқу үдерісіне жасанды интеллектті енгізудің маңыздылығын нақты мысалдармен көрсететін, стоматология саласындағы болашақ мамандарды даярлауда өзекті әрі тиімді жұмыс болып табылады деп өз пікірін білдірді.

«Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология» кафедрасының меңгерушісі, Э.А. Қожамбекова: Қазіргі таңда Бұл баяндамада тістердің гистологиялық құрылымы мен тұрақты тістердің түбірлерінің дамуы ғылыми тұрғыда түсінікті әрі жүйелі түрде сипатталған. Автор тақырыпты заманауи оқыту талаптарына сай жеткізу үшін жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдаланған. Әсіресе AI негізіндегі 3D моделдер, интерактивті визуализациялар және адаптивті тапсырмалар арқылы күрделі гистологиялық процестерді оңай меңгеруге мүмкіндік беретіні нақты көрсетілген. Түбір дамуының кезеңдерін жасанды интеллект көмегімен қадамдап түсіндіру білім алушылардың клиникалық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Баяндаманың ерекшелігі – теория мен практиканы біріктіретін инновациялық әдістерді қолдануы және студенттердің жеке оқу траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін көрсетуі. Жалпы, жұмыс мазмұнды, қазіргі стоматологиялық білім берудің талаптарына сәйкес және білім алушылардың қызығушылығын арттыратын сапалы баяндама болып табылады деп өз пікірін білдірді.

ШЕШІМ 5.1. «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының оқытушысы С.А. Файзиева «Тістердің гистологиялық құрылымы. Тұрақты тістер, тұрақты тістердің түбірлерінің дамуын жасанды интеллектте заманауи оқыту әдісі» тақырыбындағы баяндамасын қанағаттанарлық деп танылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрайымы

Г.Н. Анарбаева